

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 284/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қазанда N 3049 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" [Заңының](#) 27-бабы 1-тармағы 17-тармақшасына сәйкес, жоғары оқу орындарында оқып жүрген аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан, жетім-студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысымен бекітілген (Павлодар облысының әділет басқармасында 2004 жылғы 18 маусымда N 2621 болып тіркелген, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 78, "Сарыарқа самалы" газетінің 2004 жылғы 08 шілдедегі N 80 сандарында жарияланған) аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидасына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармағындағы "2004 жылғы 2-тоқсаны" деген сөздер "тиісті жылдың 2-тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*